

Шымкент қаласындағы физика – математика бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі

Қазіргі әлемдегі Қазақстан

12 сынып

*Қазақстандағы әртүрлі
әлеуметтік және мәдени топтар
арасындағы қатынастар*

Әміртай Э.Т.

Оқыту тілі: қазақ

Сабақтың тақырыбы:

Қазақстандағы әртүрлі
әлеуметтік және мәдени
топтар арасындағы
қатынастар

Сабақтың мақсаты:

- Қазақстандағы әртүрлі әлеуметтік және мәдени топтар арасындағы қатынастарды біледі
- Ағымдағы саясаттың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау негізінде болашақ әлеуметтік және мәдени саясатты көздеу

Жетістік критерийлері

дағды: Сын тұрғысынан ойлау және зерттеу

□ Басты факторлар бойынша өз ойын білдіреді және оны дәлелді дәйектермен келтіреді

Жаңа сабақ

- *әлеуметтік топтың, мәдени топтың не екендігін және олардың бір-бірінен айырмашылықтарын түсіндіріңіз?*

әлеуметтік құрылым түсінігі

әлеуметтік-таптық

әлеуметтік-демографиялық

әлеуметтік-этникалық

Әлеуметтік құрылымның негізгі элементтері болып әлеуметтік қауымдастықтар

таптар

ұлттар

кәсіпкерлік

демографиялық

территориялық

саяси топтар

Әлеуметтік құрылым қоғамды жекелеген, бір немесе бірнеше белгілер негізінде біріккен қабаттарға, топтарға объективті бөлуді білдіреді.

- Әлеуметтік қауымдастық – бұл белгілі бір өзара әрекет ететін индивидтер тобына ортақ болып табылатын, өмір әрекеті жағдайымен (экономикалық, әлеуметтік жағдай, кәсіби дайындығы мен білім, қажеттіліктер мен мүдделер деңгейі) сипатталатын индивидтер жиынтығы;
- тарихи қалыптасқан территориялық қауымдастықтарға (қала, ауыл),
- белгілі бір әлеуметтік институттарға (отбасы, білім, ғылым) енуі.

Әлеуметтік стратификация

теориясында реттелген белгілер (критерийлер) болады. Мұнда

олардың әрқайсысының әлеуметтік маңызы ескеріледі.

Оның қатарына жеке меншік формасы, табыс мөлшері, билік көлемі, бедел, ұлттық белгілер, білім, мәдениет түрлері және т.б. кіреді.

- **Әлеуметтік топ** – бұл экономикалық, саяси және кәсіби статустарға, позицияларға ие адамдар қауымдастығы.
- **Мүдделер** – бұл тұлғалардың, топтардың және басқа да қауымдастықтардың әлеуметтік жүйедегі әлеуметтік жағдайын белгілейтін және олар өз әрекеттерінде негізге алатын нақты өмірлік ұмтылыстары. Әлеуметтік мүдделер арқылы белгілі бір әлеуметтік қауымдастықтар өкілдерінің өзекті қажеттіліктерінің жалпыланған көрінісі бейнеленеді.
- **Әлеуметтік жанжал** – бұл түрлі әлеуметтік топтардың өз қажеттіліктерін қамтамасыз етуге талпыну, сәйкес келмейтін және тіпті қарама-қайшы мүдделерді жүзеге асыру жолындағы қақтығыстар. Жанжалдарды шешу жолдары: қақтығысты шешудің сырттай белгісі болып, оның аяқталуы табылады (уақытша тоқтату емес). Бұл дегеніміз қақтығысушы жақтар арасында жанжалдық өзара әрекет аяқталады. Алайда әлеуметтік қақтығыстың түбірлі шешілуі қақтығыстық жағдайдың өзгеруі кезінде ғана жүзеге асады. Атап айтқанда тиімді болып қақтығыс себебін жою табылады – қарсыластардың бір-біріне деген көзқарасын өзгерту.

Қазіргі Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік құрылым

- дамуы кездейсоқтылығымен, анықсыздығымен, аморфтілігімен сипатталады.
- Алғы шетке меншіктік және әлеуметтік теңсіздік мәселесі қойылады. Ол кластық қарама-қайшылық және қақтығыстармен сипатталады.

Тапсырма.

- Анықтаңыздар:
 - Қазақстандағы әлеуметтік топтар;
 - Қазақстандағы мәдени топтар.
- (ауызша орындалады)

Оқушылар бір мемлекет ішіндегі әлеуметтік және мәдени айырмашылықтар тереңдігі мен түрлері бойынша Қазақстанның басқа елдерден айырмашылығы идеясын талқылайды:

- • Айырмашылықтар табиғаты.
- • Айырмашылықтар деңгейі.
- • Қазақстан сияқты ел үшін алаңдау мәселелері көп па?

Әр топ жоғарыда тізілген аймақтарды баяндаулары керек. Талқылаулардан туған басты мәселелерді анықтаңыздар және жазыңыздар

Әр топ барлық сыныпқа келесілерді анықтап, баяндайды:

- қазіргі әлеуметтік және мәдени саясаттың күшті және әлсіз тұстарын бағалайды және болашаққа ұсыныстар жасайды.
- 3 мықты тұсы;
- 3 әлсіз тұсы;
- болашақ саясатқа 3 ұсыныс.

Бағалау

- Нақтылық, анықтық және сәйкестікке аса мән бере отырып, оқушылардың жеке үлесін пікір беріп, бағалау арқылы кері байланыс қайтару.

Үйге тапсырма

- өзіндік курстық жұмысының тақырыбы жайында
 - • 3 мықты тұсы;
 - • 3 әлсіз тұсы;
 - • болашақ саясатқа 3 ұсыныс жазып келіңіз